

МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК



3

ӘЛЕМНІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ



4-5

ЕМБІЛІКТЕР АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



6



# Embi ТЫНЫСЫ

№2 (86)  
НАУРЫЗ  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



**Құрметті қыз-келіншектер, аналар! Мұнайшы қыздар!  
Баршаңызды 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күні  
мейрамымен құттықтаймыз!**

Ғасырдан астам тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қазақ мұнайының «қара шаңырағы» деп биік мәртебеге ие болуында ембілік мұнайшы қыздардың қомақты үлесі барын зор мақтанышпен айтамыз. Тарихқа назар аударсақ, кешегі ел басына ауыртпалық түскен қиын сәттерде – Ұлы Отан соғысы жылдарында мұнайшы қыздар ерлердің орнын жоқтатпай, ел экономикасында көш бастаған. Статистикалық деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы басталған жылдары еліміздің мұнай-газ саласында үш мыңнан астам әйел адам еңбек еткен екен. Ал, соғыстың аяғына таман мұнай саласында жұмыс жасағандардың 42,5 пайызын әйелдер құраған. Ұлы жеңіске өлшеусіз үлес қосқан, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда зор төзімділікпен еңбек еткен, шаруашылықты қалпына келтіруге белсене араласқан мұнайшы әйелдердің есімдерін біз ешқашан ұмытпаймыз.

Еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында өтпелі кезеңнің қиындығы әйелдердің иығына көптеп түскені де шындық. Сол уақытша қиындықты қазақ әйелдері жеңе білді, жеңіп қана қоймай қоғамға өздерінің белсенділігін де дәлелдеп берді.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында жалпы ұжымның 20 пайызға жуығы әйел адамдардың еншісінде. Мұнайшы әйелдердің 400-ге жуығы еліміздің мұнай-газ саласында 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді. Ер азаматтармен иық түйістіре, жауапкершілігі мол жұмыстың ауыртпалығына мойымай, табысты қызмет атқарып келе жатқан ембілік қыздардың еңбегін құрметпен айтамыз.

Құрметті аяулы жандар! Сіздерді шуақты мереке - Аналар, арулар күнімен құттықтай отырып, еңбектеріңізге толымды табыс, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға бақ-береке тілейміз.

Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



**Тағайындаулар**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұлттық компаниясында Басқарма төрағасының барлау және өндіру, сондай-ақ ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасарлар тағайындалды.

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары болып Құрманғазы Есқазиев тағайындалды.** Ол операциялық активтерде мұнай мен газ өндіру, кәсіпорындардың тиімділігін арттыру мен одан әрі дамыту, ҚМГ-ның ресурстық базасын кеңейту және кен орындарды рационалды игеру мәселелеріне жетекшілік етеді.

Қ. Есқазиев В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін геолог-тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірді. 2006 жылы Томск политехникалық университетінде диссертация қорғап, «геология-минералогия ғылымдарының кандидаты» біліктілік дәрежесіне ие болды. 2021 жылы И.М. Губкин атындағы мұнай және газ Ресей мемлекеттік университетінде диссертация қорғап, «геология-минералогия ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесіне иемденді. Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2015 ж.), И.М. Губкин атындағы Ресей мұнай және газ мемлекеттік университетінің «Мұнай мен газды іздеу-барлау» кафедрасының профессоры.

Еңбек жолын 1985 жылы «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінде оператор-коллектор болып бастады. Онда операторлықтан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорына дейінгі өндірістік қызметтің барлық сатысынан өтті.

2006 - 2008 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, директоры болды.

2008 жылдан бастап 2015 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, Басқарма төрағасының геология және келешек жобалар жөніндегі орынбасары, операциялық емес активтер (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) жөніндегі басқарушы директор, геология жөніндегі басқарушы директор қызметтерін атқарды.

2015 жылдың қыркүйегінен 2018 жылға дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).

2018-2020 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервис жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

2020 жылдан бастап осы уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары болып Мұрат Мұнбаев тағайындалды.** Ол Ұлттық компанияның ірі жобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) қатысуына жетекшілік етеді.

Мұрат Мұнбаев 1998 жылы Варшава мемлекеттік университетін бітірді, халықаралық экономикалық қатынастар магистрі дәрежесі бар.

Мұрат Мұнбаев Еңбек жолын 2020 жылы «ABN AMRO Bank Kazakhstan» бөлім басқарушысы болып бастады. Әр жылдары «Chevron» корпорациясының бас сарапшысы, атқарушы вице-президентінің кеңесшісі, «Теңізшевройл» және «Chevron» компанияларында қаржы маркетингі мен тасымалдауды қолдау жөніндегі менеджер, стратегиялық жоспарлау және талдау жөніндегі бас менеджер, маркетинг және тасымалдау жөніндегі бас менеджер қызметтерін атқарды.

2020 жылдың қазанынан 2021 жылдың қыркүйегіне дейін Shell Kazakhstan компаниясының стратегиялық даму және активтер портфелі жөніндегі бас менеджері лауазымында болды.

www.kmg.kz

**Өндіріс тиімділігі**

## ЗАМАН ТАЛАБЫНАН ТАБЫЛУ - ӨЗЕКТІ

Бүгінде еліміздегі даму бағытын айқындап алған өркениет көшіндегі компаниялардың біразы өздерінің барлық іс-шараларын толығымен автоматтандырып, қызмет процестерін оңтайландыру жүйесіне көшіруді қолға алуда. Бұл орайда «Ембімұнайгаз» АҚ-да соңғы уақытта SAP жүйесі кең қолданыста. Бұл – өндірісті басқарудың компьютерлік жүйесі. Тиімділігі неде дейтін болсақ:

Өндіріс саласында өзекті саналатын іс-шаралар тезірек жүзеге асырылады және орын алған проблемалар мен уақытша қиындықтар дер кезінде анықталады, соның салдарынан дереу шешім қабылдауға мүмкіндік орнайды. SAP жүйесі – кез-келген мәліметті өңдеуге арналған заманауи әдіс. Өндіріс барысында туындаған барлық сауалдарды бір ортаға біріктіріп отыратын, сол арқылы жұмыстың тиімділігін арттыратын жүйе деп өркениет көшіндегі елдердің кәсіби мамандары өз бағаларын беріп те қойған. Көпке түсінікті тілмен айтсақ, бұл жүйе компания ресурстарын жоспарлауды жүзеге асырады. Кәсіпорынның барлық мәліметтері жиналатын ортақ база, бір мезетте өндірістің жауапты мамандары керекті мағлұматтармен дереу таныса алады.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты барлық цех басшылары бас қосқан кеңейтілген жиын өтіп, онда SAP жүйесінің қолданысқа енуі турасында кеңінен баяндалды. Себебі, бүгіндері SAP жүйесін негізгі пайдаланушылардың бірі - цех басшылары. Өндіріс алаңдарындағы ұңғымалар мен резервуарлардың, сораптар мен басқа да ірі өндіріс нысандарының жұмыстарын автоматты түрде қадағалап отыруға жауапты маманның бірі - цех басшыларының аталмыш жүйені кеңінен пайдалануына басымдық беріліп отыр. Осы бағыттағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы – компанияның негізгі өндірістік көрсеткіштеріне тікелей әсер ететіні даусыз.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында өткен жиында «Ембімұнайгаз» АҚ қаржы департаменті есептік жүйелер бөлімінің бастығы Айгүл Тәжіғалиева жалпы Ембі өндірісінде соңғы 5 жылдың аумағында кең қолға алынып жатқан SAP жүйесінің есептеу бағыттағы тиімділігі мен пайдасына жан-жақты тоқталып өтті.

- Бұл жүйенің басты тиімділігі – басқармаларға қарасты барлық цехтардың өзара байланысын нығайтады. Өндірісшілік қарым-қатынасты нығайта отырып, цехтардың жұмысын ашық жүргізуге қол жеткіземіз, - деп атап өтті өз сөзінде А.Тәжіғалиева.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша бүгінгі таңда материалдық-техникалық қамту (МТО) және ТОРО процестері SAP жүйесі арқылы қолға алынып жатыр. МТО - өндіріске қажетті материалдардың жоспарлануы мен оның қолданыстан шығарылуына дейінгі мәліметтер жинағы. ТОРО болса, өндірістегі құрал-жабдықтардың жөндеуден өтуін жоспарлайтын жүйе.

Өндіріс мамандарының, соның ішінде жауапты мамандардың SAP жүйесімен жұмыс істеуге толық көшуі – заман көші алға қойып отырған талаптың бірі.

**Ембі жобалары**

## ДУАЛДЫ ОҚЫТУ: СТУДЕНТТЕР ЕМБІ ӨНДІРІСІНДЕ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАУДА



**2022 жылдың ақпан айында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжі, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің жалпы саны 37 студенті дуалды оқыту жүйесі бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік алаңдарында оқуды бастады.**

Атап айтсақ, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжінің – 10, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің 4 студенті «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кен орнына, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орындары тобына және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Қарсақ кен орнына зерттеу

жұмыстары цехында өндірістік тәжірибе жинақтауда.

Сонымен қатар, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 13 шәкірті «Дуалды оқыту» бағдарламасы бойынша Ембі өндірісінде білім алуда. Оның ішінде, 8-і – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кен орнында «Ұңғыларды

зерттеу операторы» мамандығы бойынша тәжірибе мен теорияны ұштастыруға мүмкіндік алды. Ал, 5 студент «Электр құралдарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері» мамандығы бойынша «Ембімұнайэнерго» басқармасына қарасты «Қайнар» және «Жайық» аудандық электр тораптарында өндірістік оқудан өтіп жатыр.

С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжінің 10 студенті «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кен орнына және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен орындары тобына «Мұнай-газ өндіру операторы» мамандығы бойынша білім алады.

- Жоба жүзеге аса бастаған жылдары ЕМГ базасында жұмысшы мамандықтар бойынша 200-ден астам студент дуалды оқытудан өтті. Қазіргі таңда Компанияның өндірістік базаларында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжі, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің 37 студенті аталған жоба бойынша білім алуда, - дейді **ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА.**



Арулар – асыл жандар

# Мәуелі бәйтерек

**«Отбасының берекесі – әйел» деп, дана халқымыз қалай тауып айтқан! Әсіресе, қазақ әйелінің арасында инабатымен, ибалылығымен, шыдамдылығымен, кешірімділігімен өз отбасының ғана емес, бүтін бір әулеттің айрандай ұйыған ұйытқысы болған әзиз, мейірман жандар аз емес.**

Біз әңгімемізге арқау еткелі отырған кейіпкеріміз, ембілік ардагер – тағдырдың талай өткелінен өтіп, қайсарлығымен, еңбексүйгіштігімен ерекшеленіп қана қоймай, 11 құрсақ көтеріп, тәрбиелеген «Алтын алқалы» ана Тажихан Шартикова.

Ол 1935 жылы 17-ақпан Жылыой өңірінде дүниеге келіп, орта шаруа деңгейінде күн кешкен қарапайым отбасында тәрбиеленді. Ата-анасы өте қайратты, жігерлі, рухы таза қайырымды жандар болған. Әкесі 1941 жылы соғысқа аттанып, майдан даласында ерлікпен қаза табады. Өзінен кейін еріп келе жатқан інісі мен сіңілісі де ерте көз жұмды. Отбасында анасы екеуі қалады. Сол кездегі тұрмыстың ауыр азабын тартып, балалық өмірінің қызығын көрмей өседі. Жастайынан жетімдіктің ауыр жүгін арқалаған қаршадай қыз анасына колхозда көмек көрсетіп, буыны қатпай жатып мал, қой бағып, жастайынан еңбекке араласады.

Сол кезде колхозда еңбек ететін балаларды жұмыстың ауырлығы ерте есейтті. Әйелдер құдықтар қазып, су тасыса, балалар жаздың шіліңгір, қыстың аязды күндері мал бағып, сиыр сауып жүрді. Бұл ауыр кезеңдерді бүгінде 87 жасқа келген Тажихан әжей үлкен күрсініспен еске алады.

- Соғыс өрті сөнген соң, 1949 жылы 14 жасымда Мұнайлы деп аталатын жерге жұмысшы болып орналастым. Мұнай саласындағы еңбек жолым сол кезден басталды. Жылыту қазандарын жағу, қазандарды майлау, сылау жұмыстарын атқардық. 1953 жылы балаларымның әкесі Қанапаш Шартиковпен отау құрып, сонау Мұнайлы кен орнынан бастап, Алтыкөл, Қарсақ, Комсомол, Мартыши (қазіргі С.Балғымбаев) кен орындарында бірге еңбек еттік. Ол – дәнеркерлеуші, мен – жұмысшы, - деп еске алады Тажихан Шартикова.

Қиын шаруа болса да, алған бағытынан қайтпайтын Тажихан анамыз ауыр кәсіпті таңдап, өмірлік жарымен бірге бірге еңбек етті.

Жолдасы Қанапаш екеуі 11 бала, оның ішінде 5 ұл, 6 қыз тәрбиелеп, әрқайсысына жоғары білім алуларына ата-аналық көмектерін көрсетті.

Өкінішке орай, 1979 жылы жолдасы қайтып, он бір баламен жесір қалады. Үлкен бір отбасының жалғыз асыраушысы Тажихан Бақтығалиқызы тағдыр тауқыметіне мойымай, керісінше қайсарлықпен еңбек ете білді.

Тағдырдан ауыр соққы алғанмен, өз жан жарасын еңбекпен емдеген анамыз тынымсыз жұмысын бір тоқтатпай, ұрпағына аналық мейірімін де аяған емес. Өзінің бұл саладағы мол тәжірибесін балаларына үйретіп, оларды еңбек жолына баулады.



Суретте:  
Ортада Рая Шартикова



Адам ұрпағымен мың жасайды. Олардан өрбіген 11 баланың барлығы да «Жайықмұнайгаз» басқармасында мұнайшы болып еңбек етіп, елдің мұнай-газ саласын дамытуда өз қолтаңбаларын қалдырды. Мәселен, қызы Рая Шартикова әйел мұнайшылардың арасынан шыққан КСРО-ның Жоғарғы кеңесінің депутаты (1984-1989 жылдардағы XI шақырылым) атанды.

«Тағдыр соқпақтарынан сүрінбей өтуіме, балаларды тәрбиелеуге, ең алдымен, анамның үлкен көмегі тиді. Себебі, жұмыста жүргенімде, балаларға қарайласқан сол анам еді. Кейін, балалар да бір-бірін бағып, ілесіп кете берді. Балаларымыз ел қатарлы азамат болып өсті. Ең бастысы, еңбексүйгіштік, еңбекке деген адалдықты бойларына сіңіруге тырыстық. Өйткені, халықтың бағасын алу – үлкен мәртебе. Сонымен бірге, қиындықтарды жеңуге, алға ұмтылуға ауылдың киелі топырағы, елдің бірлігі, сыйластықтары, ірі тұлғалар бастап кеткен жолының шапағаты деп білемін», – деп ойын түйіндеді батыр ана.

Бүгінде 11 баладан 6 немере, 10 жиен және 2 шөбере сүйіп отырған әже – тамыры тереңге жайылған мәуелі бәйтерек. Күннің қызуынан қаншалықты нәр алсақ та, ананың ыстық алақанынан асқан жылу жоқ. Адамгершілік асыл қасиетінен ешқашан айнымаған бақытты ана отбасына ғана емес, айналасына да шуақ нұрын шашып тұрғандай.

Женщина – начало всех начал

## Надежная гавань Гульжан Бекбусиновой

**Сегодня трудно переоценить роль женщины в современном обществе. Стремительно развивающийся мир ставляет перед женщинами прекрасную половину человечества демонстрировать высокий профессионализм, конкурентоспособность, готовность быть в рабочей форме чуть ли не круглосуточно, делать несколько дел одновременно и умение ориентироваться в быстром потоке информации. И при этом успешно выполнять самую главную миссию, предопределенную женщине свыше – быть мамой и хранительницей домашнего очага.**



Одна из таких женщин, успешная и дома, и в работе – машинист 4 разряда насосной станции по закачке рабочего агента бригады №1 цеха добычи нефти и газа №3 Восточный Макат Гульжан Бекбусинова. Любовь к труду у нашей героини привита с детства: мама Гульжан, Азия Ескужиева более 20 лет проработала оператором по добыче нефти в производственном цехе Байчунас НГДУ «Доссормұнайгаз». Папа, Наурыз Бекбусинов трудился шофером в АТУ.

Трудовой путь Гульжан начался в 1985 году, сразу после окончания школы. Она начала работать оператором по добыче в ЦДНГ Карсак.

- Сегодня я с благодарностью вспоминаю своих первых наставников Жаксыгерей Кубашева и мастера Орынбасара Шындаулова, которые учили меня, дали первые навыки освоения профессии, - говорит Гульжан. - Конечно, вначале всегда бывает трудно. Но, мы должны уметь преодолевать все сложности. Любая задача имеет свое решение. Так меня учили родители. И это мое жизненное кредо.

После двух лет работы Гульжан поступила в нынешний Атырауский университет нефти и газа им. С.Утебаева, где проучившись, получила диплом по специальности «Разработка и добыча нефти и газа». После вуза, в 1994 году молодой специалист продолжила свою трудовую деятельность оператором по подготовке и перекачке нефти на месторождении Северный Жолдыбай. В 1999 году Гульжан перевелась оператором по поддержанию пластового давления в производственный цех по добыче нефти и газа Макат, а оттуда, в 2002 году – машинистом в ЦДНГ №3 Восточный Макат, где трудится по сегодняшний день.

- Тяга к профессии, думаю, передалась от мамы, - рассказывает Гульжан. - И несмотря на некоторые скептические рассуждения о том, что нефтяник - это мужская профессия, я нисколько не жалею о выбранной специальности. У нас хороший и сплоченный коллектив, всех нас объединяет стремление сделать нашу компанию еще лучше.

Труд Г.Бекбусиновой, составляющий почти три десятка лет, отмечен Почетными грамотами и Благодарственными письмами.

Гульжан, выросшая в многодетной семье, сегодня сама - мама шестерых детей и бабушка двух внуков. Вместе с супругом Русланом Дуйсеновым, работающим машинистом в локомотивном депо, воспитывают двух сыновей и четырех дочерей. Старший сын Ардак работает в противопожарной службе, второй сын Думан пошел по стопам отца в железнодорожники, дочь Жанаргуль учится в педагогическом колледже, младшие дочери Рыскуль, Акталкын и Каусар- школьницы.

... После рабочей смены Гульжан торопится домой, в свою надежную гавань, где тепло и уютно. И все свободное от работы время наша героиня посвящает детям, прививая им общечеловеческие и семейные ценности. Кто знает, может из этой дружной и большой семьи выйдут нефтяники нового времени – продолжатели славной истории Эмбы!



«Мұнайшы қыз»



# Әлемнің мәні - әйелде



**«EmbiMunayGas» АҚ-ның 100 жылдығына орай шаралар легі «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен Құлсары қаласындағы «Кең Жылыой» аудандық мәдениет үйінде 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік кешінен басталды.**

Мұнайшы қыз-келіншектерге арналған шараға компания басшылығы мен әр өндірістік құрылымдық бөлімшеден 200-ге тарта мұнайшы ару қатысты.

Салтанатты кешті «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығының орынбасары Ерлан Қондыбаев ашып, жаны нәзік болғанымен, «қара алтынды» өндіруде ерлермен бірге жауапкершілікті абыроймен атқарып жүрген мұнайшы қыз-келіншектерді көктем мерекесімен құттықтады.

- Биыл біз үшін маңызды жыл. «EmbiMunayGas» АҚ-ның дербестік алғанына 100 жыл толады. Осы мерекелік шараның аясында «Мұнайшы қыз» клубының салтанатты шарасы көшпелі форматта ұйымдастырылуда. Көшпелі жиынымыздың дәл осы Жылыой өңірінде өтуінің өзіндік маңызы бар. Ембілік мұнайшы қыз-келіншектер қазақ мұнайының бастау алған - Қарашұңгіл жерінде бас қосып отыр. Бүгінде Ембі өңірінің қазақ мұнайының «қара шаңырағы» деп биік мәртебеге ие болуында мұнайшы қыздардың зор қолтаңбасы барын әркез еске алып, мақтанышпен айтамыз.

Жұртшылық арасында мұнайшылық кәсіп ауыр еңбектің бірі деген пікір қалыптасқан. Ендеше ер-азаматтармен қатар бір саптан табылып, ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп жүрген бұл жандар тек жылы лебіздерге лайық дер едім, - деп атап өтті құттықтау сөзінде **«EmbiMunayGas» АҚ, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.**

Атап өтейік, «Мұнайшы қыз» әйелдер клубын құрудағы мақсат - интеллектуалдық және адамгершілік рухани деңгейі жоғары қыз-келіншектерді біріктіріп, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік орната отырып, бала тәрбиесіне, отбасы құндылығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын әйел-аналардың қатарын көбейту. Сол арқылы еліміздің саналы, тәрбиелі жаңа буынының қалыптасуына ықпал ету болды. 2018 жылдың 6-наурызында құрылған аталмыш ұйым Компанияда еңбек ететін мыңнан астам мұнайшы қыздың басын қосып, көптеген шаралар ұйымдастырды. Ал, биыл «Мұнайшы қыз» клубының мерекелік шарасы алғаш рет көшпелі форматта өтіп отыр және Ембінің 100 жылдығына арналған шаралар легі осы салтанатты кешпен бастау алуда.

Шара барысында Ембі өндірісінің дамуына үлес қосқан мұнайшы қыздар «EmbiMunayGas» АҚ Басқарма төрағасының Алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының тауар операторы Салтанат Сарғалиева, жылу қазандығы операторы Мейрамкүл Әбілғазиева, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Терең-Өзек кен алаңының мұнай және газ өндіру операторы Нұргүл Ихласова, Батыс Прорва кен орнының мұнай және газ өндіру операторы Элмира Абенова, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының зертханашысы Ізгүл Нұрланова, канцелярия жетекшісі Райса Кубесова, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ауысым инженері Магия Сүйінішқалиева, зертханашысы Кенжегүл Жаманғариева, «EmbiMunayEnergo» басқармасының электр жабдықтарын жөндеуші және қызмет көрсету электро монтері Эльмира Оңайбаева, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының қоймашысы Гаухар Аманқұлова, Орталық басқару аппаратының кен орындарын игеру жөніндегі инженері Амангүл Көптілеуова болды.

**P.S. 1942-1945 жылғы соғыста, оған дейін және одан кейін әйелдердің мұнай саласында тер төгіп, қара алтын өндіруге зор үлес қосқанын тарих жақсы біледі.**

**Қашанда табиғатынан әдемілікке, нәзіктікке жаны құмар қыз-келіншектердің қай істе болмасын, әлеуеті жоғары. Оған ембілік мұнайшы қыздардың еселі еңбегі дәлел.**







«Мұнайшы қыз»

## ЕМБІНІҢ АРУЛАРЫ, АРДАҚТЫЛАР...

**Ақын Гүлзада Ниетқалиеваның  
8-наурыз – Халықаралық әйелдер күніне  
орай қарт Ембінің мұнайшы аруларына  
арнап шығарған өлеңін назарларыңызға  
ұсынамыз.**

Армысыздар, арулар Ембідегі,  
Көктем келсе, өзеннен сең жүреді.  
Атанжілік, ер мінез жігіттерді,  
Ақ қанат арман алға сендіреді.

Мұнайшы ару Ембідегі, армысыздар,  
Ағарып атқан алау таңбысыздар?!  
Меңгерген мәртебелі мамандықты,  
Нәзік әрі қайсарлар, бармысыздар?!

100 жылдық тарихында мұнайымның,  
Сынаптай сырғып жатқан күн-айымның.  
Арулар алдында біз бас иеміз,  
Күндей боп жарқыраған шырайыңның.

Ембінің арулары, намыстылар,  
Еңбекте, отбасында табыстылар.  
Білім мен сәттіліктер оған жолдас,  
Жетістікпен өмірін табыстырар.

Азаматтың олар жүр қатарында,  
Еңбектің ері болып атануда.  
Ембінің арулары - қарлығаштар,  
Мұнайшы ардагерден бата алуда.

Қара алтынды өндіру - ұлы іс деген,  
Бірге жүрер алашпен- ұлыспенен.  
Ата-ананың алғысын алады олар,  
Үйлестіріп отбасын жұмыспенен.

Мұнай кені қазақтың Ембі деген,  
Бақыты үшін елімнің кен түлеген.  
Ембінің арулары, аяулылар,  
Қазақтың қазынасы деп сендірер ем.

Құтты болсын көктемнің мерекесі,  
Арта бергей ісіңнің берекесі.  
Ембінің арулары - ардақтылар,  
Алақанға салатын ел еркесі!



Ұлағатты ғұмыр

## ЕМБІЛІКТЕР АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде Жылыой ауданы, Атырау облысының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО Мұнай өнеркәсібінің үздік қызметкері, ембілік ардагер Есен Тасқынбаевтың 90 жасқа толуына орай салтанатты шара өтті. Жиынға атыраулық ардагерлер, өңіріміздегі ірі мұнай-газ компанияларының өкілдері мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы қатысты.**

Салтанатты шараны құттықтау лебізбен ашқан «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Есен Қайыржан мерей жас иесінің еңбектеріне мұнайшылардың ыстық ықыласын жеткізе отырып, иығына қазақты дәстүрмен шапан жапты.

Атырау облысы экономикасының өркендеуіне сүбелі үлесін қосқан, мұнайлы өңірдің дамуында

дара қолтаңбасын қалдырған мемлекет және қоғам қайраткері Есен Тасқынбайұлы Тасқынбаевтың есімі көпке жақсы мәлім. Оның өмір жолына назар аударсақ, облыстың партия саласында қызмет еткен кезеңдерінде Атырау өңірі жаңаша даму жолына түсті. Әсіресе, облыс орталығы Атырау (Гурьев) қаласында жаңа құрылыс нысандары бой көтеріп, жергілікті халықтың игілігіне тарту етілді. Бұл жөнінде салтанатты шараға жиналғандар мерей жас иесінің қызметте ғана емес, адамгершілік, адалдық тұрғысынан шоқтығының биіктігін, елге, жерге жасаған еңбектерін ерекше ықыласпен айтып өтті.

Салтанатты шараға қатысқан Еңбек ардагері Амангелді Селбаев 90 жасқа толып отырған абзал азамат хақында тебірене айтып, адами болмысына тоқталса, мұнай-газ компаниялары өкілдерінің атынан сөз алған КРІ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің басшысы Зинуллин Әмірзақ мерей жас иесінің өңір

экономикасына қосқан үлесін айтып жылы лебізді жалғады.

Бүкіл саналы ғұмырын мұнайлы өңірдің өркендеуіне арнаған абзал азаматтың жарқын өмір жолдары туралы ыстық ықыласпен айтқан жүрекжарды пікірлерімен шараға қатысқан өзге ардагерлер де бөлісті. Е.Тасқынбаевтың Гурьев қалалық партия комитетінің II және I хатшысы, Гурьев облыстық атқару комитетінің төрағасы, Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының XXV-XXVII съезінің делегаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің VIII және XI шақырылымның депутаты болған жылдарда Есен Тасқынбайұлы өзінің елге, туған өлкесіне деген зор сүйіспеншілігін сан мәрте биік мінберлерден қорғай білгенін қатарластары ерекше тебіреніспен жеткізді.

Салтанатты шарада Есен Тасқынбайұлының өмірі мен еңбек жолдары бойынша дайындалған бейнебаян ұсынылып, шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Салт-дәстүр

**Қазақстанның батыс өңірі Наурыз мерекесін ерекше қарсы алады. Атырау, Маңғыстау облыстары түгелімен, сондай-ақ, Ақтөбе, Орал облыстарының кейбір бөлігінде Наурыз мейрамы осы айдың 14-інен, яғни «Көрісу» салтынан басталады. Бұл күнді кей жерлерде «амал» деп те атайды. Кейде «Қауышу күні» деп те аталады.**

Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпеленіш кешіріліп, араздық ұмытылады. Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын мерекесі ғана емес, сондай-ақ, жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Өйткені Көрісу салты бір күнмен шектеліп қалмайды, наурыз бойы жалғаса береді.

Жер бетіндегі тіршілік атаулы жаңаратын бұл кезеңді біздің халқымыз «Амал мерекесі» деп те атайды. Жыл сайын 14-наурызда «Амал келді - Жыл келді!» деп бір-бірін құттықтап, бір дастарханда дәм татып, ескі жылдан жаңа жылға аман-есен жеткеніне қуанған.

«Көрісу» – қазақтың Наурыз мейрамының негізгі салтының бірі. Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түгелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсынға дейінгі аймақта қыстап отырғанда да қиналса керек. Себебі, қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып жұт басталып кетеді. Көтерем мал қырыла бастайды. Мал ашуы – жан ашуы, қыс-қамытта бір жерден екінші жерге көшіп, не малын алысқа айдап, жайылымға бола дауласып бір-бірімен араздасып елдің есі шығады. Оның үстіне малдың пайдасына бола қазақ шаруашылықтары бір-бірінен қыс кезінде алыстау отырады, себебі қыста да жайылым керек, ол уақытта қазақ шөп-азық дайындамайды дегендей. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда кім қарсы алады? Наурызға қазақ қуанбағанда кім қуанады? Көрісу де осыған байланысты шыққан. -

## КӨРІСУ – НАУРЫЗДЫҢ БАСТАУЫ



деген [tumba.kz](http://tumba.kz) сайтына берген сұхбатында этнолог Жамбыл Артықбаев

### Көрісу мерекесі қалай шыққан?

Қазақтың әңгімелері Наурызды Нұх пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан оқиға оқырманның бәріне де белгілі. Нұхтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айырылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұхтың әңгімесін баяндай келе, «Кемелің Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Арабтың күнтізбесі ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен, Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және наурызға сәйкеседі. Осы себепті, қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады».



### Ерекше тәрбиелік мәні бар мереке

- Бала кезімізден біз үшін қазақ халқының Көрісу күні ерекше есте қалатын мерекелердің бірі болатын. Қай жерде болсын, бір-бірімен кездескен ауыл тұрғындары қол алысып, «Жасың құтты болсын!» деп құттықтасып жататын. Әрбір үй 14 наурызда қыс бойы сақтаған бар тәттісін шығарып, «Қазан толы болсын!» деп дастарқан жаятын. Қазір Атырау өңірінде бұл күн ерекше атап өтіледі. Отбасымыз үшін асыға күтетін тамаша мерекенің бірі болып қалыптасып кетті. Әр отбасының үлкендері балаларына, ағайын-туысқа батасын беріп, Наурызға аман-есен жеткеніне қуанады. Әсіресе, көненің көзі — қариялар үшін бұл айрықша мейрам, - дейді **«Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арнайы техника және автокөлік гаражының тепловоз машинисі Виссарион Осавалюк.**



Әр адамның өмір жолы әртүрлі. Біреулер аз, біреулер көп жасайды. Бірақ, адамның ғұмыр жасы оның өмір сүрген жылдарының мөлшерімен емес, соңына қалдырған өшпес ізімен, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді ғой. Соның ішінде, бар ғұмырын ел мүддесіне адал қызмет етуге арнаған – қарапайым еңбек адамының еңбегі ерекше деп ойлаймын. Сондай жанның бірі - ембілік ардагер Тілекқабыл Ахметұлы.



## ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Тілекқабыл Ахметұлы екеуіміз бір мекемеде 16 жылдай қызмет еттік.

Миялыдан Атырау қаласына көшіп келгеннен кейін, жеке үйі болмай, 10 жылдың үстінде пәтер жалдап жүрді. Бірақ, қиындыққа мойымады, шыңдалды, шынықты. Ақыр соңында мекеме басшылары жағдайды сараптай келе, қаланың Жетіқазына шағын ауданынан, 5-үйден 3 бөлмелі пәтер берді. Бұл оның ең қуанышты сәттерінің бірі болып есінде қалды. Қуанышқа ортақтасқан жолдастары өздерінің риясыз көңілдерін білдіргені күні кешегідей есімізде тұр.

Ол мекеме басшыларының ықылас ниетін өзінің адал еңбегімен ақтады. Басшылар тарапынан бірнеше рет Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарына ие болды. Бұл Тілекқабыл Ахметұлының адал еңбегіне берілген әділ баға деп білемін. Сондай-ақ, «Қазақстан мұнайына – 120 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Тағы бір ерекшелігі – алыс пен жақынның, ағайын-туыстардың, жерлестердің, бір сөзбен айтқанда, адамдардың арасын жалғап жүретіндігі деп білемін.

Айта кетер тағы бір қыры – домбырамен ән айтуға өте бейім болатын. Н.Тілендиевтің «Алатау», Ә.Бейсейітовтің «Армандастар», Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әндерін нақышына келтіріп орындайтын. Оның ортада дастарханның ажарын ашып отыратындығы көз алдымда сайрап тұр.

Еліңнің азаматы ең тау тұлғалы,  
Ғұмырыңның өшпейді жарқылдары.  
Тиіп еді халқыңа шарапатың,  
Рухыңды көтерер халқыңда әлі!

Осы бір келте қайырылған бір шумақ өлеңде досымыздың қадір – қасиеті аз да болса қылаң

Тілекқабыл Ахметұлы 1950 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келді. 1967 жылы Н.К.Крупская атындағы орта мектепті бітірді.

Орта мектепте Ардақ Қонысқалиев, Аманжол Қабдолов, Оңдаған Сартов, Оңайбай Досанов, Құмар Хасанов, Серік Жанғазиев, Аманжан Молдашев, Шәрбану Бисенова, Рузия Оспанова, Роза Есмағанбетова, Балзияш Сүндетова т.б. бірге оқыдық. Мектеп бітірген соң өмір ағымымен әр жаққа бөлініп кеттік.

Менің Тілекқабыл Ахметұлымен ілкі кездескеніме 57 жыл болған екен. Қуаныш шаттыққа да, қасірет-қайғыға да ортақтасқан, тілектес, сырлас жандар болдық.

Өміріне із қалдырған жақсы адамдар туралы әңгіме айту көп нәрсені еске түсіріп, өткен-кеткендерді ойға оралтады. Адам бойындағы асыл қасиеттер – меніңше, өскен ортаның, ыстық ұяның, қоршаған адамдардың қарым-қатынасымен қалыптасатын руханият. Осы жазбаны қағазға түсірер алдында ұзақ ойланып, толқып, біраз отырдым. Ол өмір жолын қарапайым еңбек етуден бастады. 1967-1968 жылдары аудандық байланыс бөлімінде жөндеуші болып жұмыс жасады.

Еңбектен қол үзбей жүріп, жүргізушілік мамандығын алды. Жастайынан өзіне қатаң талап қоя білген ол еңбекте әр уақытта жақсы қырынан көріне білді. Сонымен қатар, халықтық бақылау комитетінде жүргізуші болды. 1974-1993 жылдары Миялы автобазасында жүргізуші болып еңбек етті. Мекемеде алдыңғы қатарлы чемпион жүргізуші болып, алған марапаттары жетерлік. 1993-1995 жылдары аудандық кеңесте және аудандық әкімшілікте жүргізуші болып жұмыс жасады. Бала кезден техникаға бейім болатын. Машиналардың қыр-сырын жақсы білді. Кез-келген машиналардың моторын өзі жинай беретін. Техниканы айнадай таза ұстап, жалтырап қоятын. Техникалық күтімді уақытылы жасайтын. Машинасы бірде-бір рет далада бұзылып қалған емес. Басшылар оның осы қасиетін ерекше бағалайтын. Мотордың дыбысынан-ақ көлігінің қалай жұмыс жасап тұрғанын бірден айыратын. Өз ісінің хас шебері еді.

1998 жылдан бастап 2013 жылға дейін «Қайнармұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасында көлік жүргізушісі болып еңбек етті. Әркез өзінің тындырымды ісі арқылы басшылардың жүрегіне жол тауып, олармен етене жақын жүрді.



Ол техник саласын өте жетік меңгерген, үлкен демей, кіші демей жұмыстас жолдастарымен тіл табыса білді. Өзі жұмыс жасаған жерінде, қанаттас інілерін өз мамандығын сүйеге тәрбиеледі. Әруақытта соңынан еретін ізбасарлары болды. Олар барлық кезде ағаларының еңбекқорлығын, адалдығын, техниканы шебер меңгергендігін жыр қылып айтады.

Досым Тілекқабыл Ахметұлының адам ретіндегі ең үлкен ерекше бір қасиеті – өзінің туып-өскен туған жері Қызылқоға ауданына деген ерекше махаббаты еді. Ол өзінің осы қасиетті Қызылқоға топырағында дүниеге келгенін үлкен мақтанышпен айтып жүретін. Тағы бір жақсы қасиеті қарапайымдылығы болатын. Ол біреуге бауыр, біреуге әке, біреуге қамқоршы, біреуге дос бола білді. Ашық-жарқын мінезімен, ақ ниетімен туған туыстарына қол ұшын беруге тырысатын. Сүйеу болды, тіреу болды. Осының бәрі ел ағалары мен әкесінен алған тәрбиенің жемісі деп түсінемін. «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» деген халық мақалы тегін айтылмаған.

бергендей. Еліне адал қызмет етті, бір адамдай мәнді тірлік кешті, ұрпақ өсірді, артына, кейінгілерге айта жүрер ғибрат, тоқи жүрер ұлағат қалдырды.

Тілекқабылдың өмірден өтуі – біз үшін де орны толмас қайғы. Досымыздың жаны жайсаң, жүрегі жұмсақ, пейілі түзу-тұғын. Ол үлкенмен де, кішімен де тіл табыса алатын мінезге бай азамат-тын. Оның осындай дәрежеге жетуіне зайыбы Төлегеннің де еңбегі бар деп білемін. Өмірге 1 ұл, 2 қыз әкелді. Ұлы Нұржан «Қайнармұнайгаз» мұнай газ өндіру басқармасында жүргізуші болып жұмыс жасайды. Келіні Нұргүл әруақытта ізеттіліктің үлгісін көрсетіп келеді. Қыздары Алтынгүл мен Индира екеуі де – жоғары білімді, орта мектепте мұғалім.

Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондыра білген, оларға өнегелі тәрбие бере білген досымды әркез сағына еске аламын.

Мұратбек АСАНҒАЛИЕВ,  
сыныптасы, жұмыстасы.  
Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы.



Биылғы жылы қандай түс сәнде? Бұл сұраққа жауап іздеу мақсатында қазақстандық және әлемдік стилистердің пікірлеріне шолу жасадық.

Who What Wear порталы үздік стилистермен бірігіп, 2022 жылдың ең сәнді түстерін атады. Ағымдағы жылы негізінен алты түске басымдық беріледі. Алты түсті тағамға сай келетін түстермен байланыстырақ.

## 2022 ЖЫЛЫ СӘНДЕ БОЛАТЫН ТҮСТЕР



### Сұлы

Ашық қоңырқай түстен кофеге дейінгі түстер осы жылы сәнде болмақ. Пальто, шалбар кисеңіз, бұл түстер ажарыңызға көрік береді. Әрине, қосымша ашық қоңырқай түспен өзге де ашық түстерді үйлестіріп киюге болады.



### Зәйтүн

Бұл түс қалай аталса да биыл сәнде. Хаки, зәйтүн, жасыл келесі жылы ең сәнді түстердің бірі болмақ. Pantone институтының мәліметі бойынша, «Зәйтүн бұтағы» – бұл жасыл түстің нәзік көлеңкесі. Зәйтүн бұтағы – өте ашық емес, сұр реңктері бар ерекше түс. Сондықтан, зәйтүнді қара түспен араластырып киюге болады. Қысқа зәйтүн түсті белдемшемен қара етік те сәнді көрінеді.

### Мерло

Қызыл түстің ерекше реңкі. Оныңосыжылысәнапталығының барлық подиумдарында болуы таңқалдырмасы анық. Шарап түстері, әсіресе, мерлот реңкі арулардың талғампаздығын көрсетеді. Ал барқыт, секвин заманауи қыздардың сүйікті түсі деуге болады. Мерлот алдағы мерекелерге өте ыңғайлы әрі сәнді түс, сондықтан, осы түсте шалбар, көйлектер алып қойсаңыз болады.



### Шоколад

Қою реңктерді таңдауға келгенде, көпшілігіміз көк, қара немесе сұр түстерді ұнатамыз, бірақ, неге қоңырға назар аудармасқа? Минимализм мен табиғи сұлулықтың реңкі ретінде шоколад түсі 2022 жылы сәнде болады. Қоңыр түстің подиумдарда да, көше стилінде де жиі пайда бола бастағаны қисынды. Басқа қою реңктерден айырмашылығы, қоңырдың әртүрлі реңктерін бір-бірімен үйлестіру өте оңай. Стилистер 2022 жылы шоколадты былғары шалбар, атласты жейделер және көлемді сөмкелер сәнде болатынын айтуда.

### Барвинок

Сән индустриясында сирень гүлінің түсі осы жылы трендте. Осы түстегі көлемді тоқылған шляпалар немесе тоқылған белдемшелер сәнде.



### Мандарин

Өткен күзде цитрустың шырынды реңктері өте танымал болды. 2022 жылы көйлектерден бастап аяқ киімге дейін трендте қалады. Мандарин түстес ашық түсті көйлекті кез келген мерекелік шараға кие аласыз. Тіпті кроссовкамен кисеңіз де жараса кетеді.

www.zakon.kz

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.